

## Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қазандағы № 833 қаулысы

Ауғанстан Ислам Республикасындағы қолайсыз табиғи-климаттық жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар б р о н ь н а н ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Ауғанстан Ислам Республикасының межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 9

қ а з а н д а ғ ы

№ 8 3 3

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар тізбесі

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Вагондар саны
1	2	3	4	5
1	Өсімдік майы	литр	1 000 000	24
2	Металл төсек, жиналмалы	дана	2 000	
3	Жылы күртеше	дана	2 000	
4	Жылы шалбар	дана	2 000	
5	Қасық	дана	2 000	

6	Үлкен тостақ	дана	2 000	1
7	Матрац	дана	2 000	1
8	Қысқы шатыр, 40 орындық	дана	50	
9	Көрпе	дана	2 000	
10	Жастық	дана	2 000	
11	Ақжайма	дана	4 000	
12	Жастық тысы	дана	2 000	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК